ҮЗІНДІ
Ғылыми кеңестің №3 хаттамасынан
2026 жылғы 29 қазан

Қатысқандар: Ғылыми кеңестің тізімдік құрамындағы 23 мүшенің 21-і. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ

1.Университетте тұрақты даму мақсаттарының іске асырылуы және даму перспективалары

Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) университетте іске асырылуы туралы Бірінші проректордың баяндаманы тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес есептік кезеңде тұрақты даму қағидаттарын білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметке енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілгенін атап өтеді.

Ағымдағы жағдайды талдау. Бүгінгі күні университетте келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. тұрақты даму саласындағы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған білім беру модульдері мен пәндер енгізілді;
2. экологиялық тұрақтылық, әлеуметтік жауапкершілік және экономикалық даму мәселелерімен байланысты ғылыми зерттеулердің тақырыптары кеңейтілді;
3. энергия мен су тұтынуды азайтуды, қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамытуды қамтитын ресурстарды үнемдеу бастамалары жүзеге асырылуда;
4. жергілікті қауымдастықтарды қолдауға бағытталған студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік қызметі жандандырылды;
5. тұрақты даму мәселелері бойынша ұлттық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жолға қойылды.

Ағымдағы жағдайды ескере отырып, QS HUB үшін жетіспейтін статистикалық деректерді назарға ала отырып, тұрақты даму мақсаттарын іске асыру жоспары әзірленді.

Сонымен қатар, тұрақты даму мақсаттары бойынша толыққанды экожүйе құру үшін бірқатар мәселелерді одан әрі жетілдіру қажеттілігі атап өтіледі.

Тұрақты даму қағидаттарын одан әрі ілгерілету мақсатында 2026–2027 жылдарға келесі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру қажет:

1. Тұрақты даму мақсаттары бойынша жұмыс комитетін құру;
2. ТДМ бағыттары бойынша университеттің саясаттарын әзірлеу;
3. Тұрақты даму мақсаттарын университеттің барлық білім беру бағдарламаларына енгізуді жалғастыру;
4. ТДМ іске асырылуын бақылау және бағалау үшін индикаторлар мен мониторингтің кешенді жүйесін әзірлеу және енгізу;
5. «Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зерттеулер» ҒЗИ аясында климаттың өзгеруі, «жасыл» технологиялар және әлеуметтік инновациялар сияқты тұрақты даму басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерді күшейту;
6. Халықаралық ынтымақтастықты және тұрақты даму бойынша жаһандық рейтингтер мен бастамаларға қатысуды кеңейту;
7. «Жасыл университет» қағидаттарын енгізу аркылы кампустың экологиялық жауапкершілігін арттыру, соның ішінде жаңа Студенттер үйін салу кезінде;
8. Көміртегі бейтараптығына (Net-Zero) қол жеткізу және электр энергиясы мен су тұтынуды азайту бойынша шараларды қарастыру;
9. Қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
10. Тұрақты даму қағидаттарын насихаттау және ақпараттық-ағартушылық жұмысты жандандыру.

Ғылыми кеңес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2026–2027 жылдарға арналған тұрақты дамуды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру тапсырылсын.
3. ТДМ іске асырылуы бойынша жыл сайын мониторинг және есептілік жүргізілсін.

Хатшы Р.А. Айкенова